

Павлодар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтар мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 15/137 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 7523-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2026 жылғы 12 мамырдағы № 46/383 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 12.05.2026 № 46/383 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Павлодар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 %-дан 2 %-ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Павлодар аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Шугаев